

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1610 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 290 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мына кандидатуралар:

1) әлеуметтік-экономикалық блок (Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Мәдениет, ақпарат және спорт) министрлерінің лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің және Сенатының бейіндік комитеттерінде;

2) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері басшыларының лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының бейіндік комитетінде;

3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Мемлекет басшысы тағайындайтын Төрағасы мен екі мүшесінің лауазымына - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің бейіндік комитетінде алдын ала талқылануға тиіс деп белгіленсін.";

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және бекітетін немесе оның келісуімен тағайындалатын және бекітілетін, оның ұсынуы бойынша сайланатын басшы қызметкерлерінің лауазымдар тізбесінде:

мына:

"Қазақстан Республикасы Президент Сыртқы Премьер-дипломатиялық істер Министрмен,
өкілдіктерінің басшылары министрі Әкімшілік

Басшысымен,
Парламент
Сенатының және
Мәжілісінің
тиісті
комитеттерімен"

деген жолда ", Парламент Сенатының және Мәжілісінің тиісті комитеттерімен" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК